


Самокатты пайдаланбас бұрын нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз. Бұл нұсқаулықта самокат қауіпсіздігі, техникалық сипаттамалары және оған техникалық қызмет көрсету туралы маңызды ақпарат қамтылған.



Пайдалану ережелері

1. Өрбір қолданар алдында эксцентрлі қысқыштар мен бұрандалы қосылыстардың бекітілу сенімділігін мұқият тексеріңіз, себебі жабдықты пайдалану кезінде қосылыстардың бекітілуі әлсіреуі мүмкін. Басқыштың жиналғанына көз жеткізіңіз.

2. Самокат тораптарын жинау және жазу:

2.1 Самокатты схемаға немесе өнімдегі (самокаттағы) нұсқауларға сәйкес жинау және жазу ұсынылады.

2.2 Руль қолсаптарын орнату және жинау. Қолсаптарды орнату үшін оларды пластик ұстағыштан босатып, рульдің тиісті тесіктеріне ретімен салу керек. Өр қолсапты сырт еткенше салу керек. Қолсаптарды бекітуге арналған серіппелі түймелер рульдегі тиісті тесіктерден толығымен шыққанына көз жеткізіңіз;

2.3 Рульді биіктігі бойынша реттеу. Эксцентрлі қысқышты ашыңыз. Руль бағанындағы тесіктердің біріне бекітілген рульдің серіппелі батырмасын басыңыз (рульді реттеудің қадамдық жүйесі бар самокаттар үшін). Сырт еткенше жоғары тарту не төмен түсіру арқылы руль биіктігін бойыңызға сай реттеңіз. Серіппелі батырманың руль бағанындағы тиісті тесіктен толығымен шыққанына көз жеткізіңіз. Осыдан кейін эксцентрлі қысқышты мықтап тартыңыз.

3. Артқы амортизаторы бар самокаттарда амортизатордың қаттылығын өз салмағыңызға сәйкес теңшеңіз:





- қара пластик қалпақшаны шешіңіз (егер амортизатор конструкциясында қарастырылған болса);
- 13 мм-лік сомын кілтімен сомынды бұраңыз;
- аспа қаттылығын азайту үшін оны босатыңыз;
- аспа қаттылығын арттыру үшін оны тартыңыз. Амортизатор соташығын тексеріңіз, соташық сомын бетінен кемінде 1 айналымға шығып тұруы керек;
- қара пластик қалпақшаны орнатыңыз (егер амортизатор конструкциясында қарастырылған болса).

4. Міндетті түрде қорғаныш құралдарын қолданыңыз: тізеқаптар, шынтаққаптар және дулыға. Киімжарақ дұрыс таңдалып, реттелгеніне көз жеткізіңіз. Аяқ киім аяққа жақсы орнықтырылуы керек. Самокатқа ешқашан жалаң аяқ мінбеңіз;

5. Самокаттың рұқсат етілген жүктемесіне назар аударыңыз. Екі адамға арналған модельдерді қоспағанда, самокатқа екі адамның мінуіне қатаң тыйым салынады;

6. Тебу. Самокатты тегіс және қатты жабынды беттерде тебіңіз. Шалшықты баспауға тырысыңыз.

Құмды немесе ылғалды жолдарда тежеу қашықтығы айтарлықтай артатынын ескеріңіз. Жол қозғалысы ережелерін сақтаңыз! Самокатпен жүрген кезде жаяу жүргіншілерге қарағанда жоғары жылдамдықпен қозғалатыныңызды ескеріңіз. Дұрыс жылдамдық режимін сақтаңыз. Кенеттен маневр жасамаңыз. Батылдық пен ептілікті көрсетіп жүруге қатаң тыйым салынады. Самокат тепкенде құлаққаптар кимеңіз. Біріншіден, сіз



айналаңызды естімейсіз. Екіншіден, сымдар самокаттың қозғалатын бөліктеріне шатасып кетіп, басқару мүмкіндігін жоғалтып алуыңыз мүмкін.

Мас (алкогольдік, есірткілік немесе өзге де) күйде, реакция мен зейінді нашарлататын дәрілік заттар

әсерімен, сондай-ақ жол қозғалысына қауіп төндіретін ауру немесе шаршау күйде самокат тебуге тыйым салынады. Қолайсыз ауа райында, көрінім нашар кезде, тұманда және түнде самокат теппеген жөн, өйткені бұл жағдайлардың кез келгені апат қаупін арттырады.

7. Тежеу. Жылдамдықты алдын ала төмендетуге тырысыңыз. Бұл апатқа жол бермей, тежегіш бөлшектердің қызмет мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді. Тежеу кезінде артқы дөңгелектің бұғатталуына жол бермеңіз, өйткені материал біркелкі емес желінген кезде самокат дөңгелекқабы мерзімінен бұрын тозып, оның геометриясы бұзылады. Назар аударыңыз. Тежеу кезінде тежеу механизмінің бөлшектері қызып кетуі мүмкін.

Тежеуден кейін оларды бірден ұстамаңыз.

Қол тежегіші бар, бірақ дискілі тежегішпен жабдықталмаған модельдер үшін:

Қол тежегіші көмекші болып табылады, аяқ тежегішін қолдануға тырысыңыз.

Қол тежегішті негізгі тежегіш ретінде үнемі пайдаланған кезде дөңгелекқаптар тез желінуі мүмкін.

Шұғыл тоқтату үшін аяқ пен қол тежегіштерін бір уақытта пайдалануға рұқсат етіледі.

Дискілі тежегішпен жабдықталған қол тежегіші бар модельдер үшін:

Дискілі тежегішті қолдану тиімді болып табылады және оны дұрыс пайдаланған кезде дөңгелекқаптар тозбайды. Дискілі тежегішпен жабдықталған модельдерде қол тежегішті негізгі тежегіш ретінде пайдалануға болады;

8. DENTON самокаттары төзімді заманауи материалдардан жасалған және қарқынды қолдануға арналған. Дегенмен, дұрыс емес пайдалану салдарынан самокат бұзылуы мүмкін екенін ескеріңіз.

9. Самокатты сақтау бойынша ұсынымдар.

Самокатты сақтауға дайындамас бұрын жуу қажет. Оны тек қолмен жуыңыз, жоғары қысыммен жуу самокат бөлшектері мен тораптарын зақымдауы мүмкін. Жуғаннан кейін самокатты жақсылап кептіріңіз.

Самокатты күн сәулесінен қорғалған жерде сақтаңыз. Ультракүлгін сәулелену пластик және резеңке бөлшектерге теріс әсер етеді, сонымен қатар самокат пен жақтау элементтері түсінің өзгеруіне (оңып кетуіне) әкелуі мүмкін.

Ең дұрысы, самокатты температурасы (15–25°C) мен ылғалдылығы (30–65%) қалыпты деңгейде және күн сәулесінен қорғалған орынжайда сақтаған жөн;

10. Назар аударыңыз. Самокат бөлшектері, мысалы: дөңгелектер, дөңгелек мойынтіректері, осьтер, руль бағанының мойынтіректері, тежегіш қалыптар мен дискілері, тежегіш қанаттар, тежегіштің жіңішке сымарқандары, руль қолсаптары, декалардың тайғанауға қарсы жабындары, сондай-ақ, резеңке мен пластик бөлшектер табиғи түрде тозады.

Әр пайдалану алдында самокатта зақымдалған немесе тозған бөлшектер бар-жоғын үнемі тексеріңіз.

Бөлшектері зақымдалған самокатты пайдалануға тыйым салынады;

Зақымдалған бөлшекті ауыстыру үшін шеберханаға хабарласыңыз.

11. Үнемі әр маусым басталмас бұрын және/немесе қажет болған кезде самокатқа техникалық қызмет көрсетілуі керек.




Техникалық қызмет көрсету үшін шеберханаға хабарласыңыз.

12. Самокатты пайдалану алдында және пайдалану кезінде дене мүшелерін зақымдап алмау үшін оларды қозғалыс механизмдерінің ішіне кіргізбеңіз.

13. Нұсқаулықта көрсетілген жағдайлардан басқа, самокат конструкциясын өзгертуге тыйым салынады.

14. Самокатты ересек адам құрастыруы керек.

15. Самокаттарды пайдалану жақсы дағдыларды қажет ететіндіктен, пайдаланушыға және үшінші тұлғаларға зиян келтірмеу үшін самокаттарды дұрыс пайдалану керек.





Жинау механизміндегі люфтті азайту үшін 2 реттеу бұрандасы қолданылады (суретті қараңыз). Самокатты жұмыс күйіне жинап, бұрандаларды люфт азайғанша немесе толығымен жойылғанша тартыңыз (№5 алтықырлы кілтті пайдаланыңыз).

Трюктік самокатты пайдаланбас бұрын, қосымша құрастыру нұсқауларын оқып шығыңыз.

